| О[illegible] тіл[illegible] | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта [illegible] | №10 | | | | |
| Күнд[illegible] | 30.10-03.11.2023ж | | | | |
| Өт[illegible]ның атауы | Көлік/ Транспорт/ Transports | | | | |
| Ме[illegible]ауы, тобы | | | | | |
| [illegible]аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| Күн тәртібі | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Топ бөлмесінде реттілікті сақтау: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмау. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық танытуға тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, кеспектерді жуу. |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)** | **"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. | **"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту).<br>Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды.<br>Мысалы: автобус -жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. | **Саусақ жаттығуы" "Пойыз келе жатыр".**<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ,<br>Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату).<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату).<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара ұқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады.<br>-Алақай! Алақай! (алақандармен шапалақтау) | **"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады. | **"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар сипаттамадан анықтайды. Сипаты бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын жалғасады. |
| **Таңғы жаттығу (5мин)** | **Кешенді жаттығулар**<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Біздің қыздар секірді,<br>Оң аяқпен секірді,<br>Сол аяқпен секірді,<br>Алға қарай секірді,<br>Артқа қарай секірді,<br>Айналдыра секірді,<br>Айналдыра секірісті<br>Биікке де секірді.<br>Екі саусақпен кезекпен алға-артқа, солға-оңға "секіріп" үстел үстінде орындалатын жаттығу. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Дастарханға ыдыстарды ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарханды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | **ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Гараж" құрастыру.**<br>Мақсаты. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. | **"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.**<br>Мақсаты. Педагог бала санына байланысты әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар , геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. | **"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады. | **"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: көлік мен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуға үйрету.<br>Барысы: торғайлардың маскаларын киген немесе қалпақшаларын таққан балалар, белгі бойынша қолдарын жан-жаққа жайып "ұшып", "жерге қонып" жүреді. "Көлік" болып, педагог немесе белсенді бала, қолына руль ұстап, белгі бойынша "торғайларға" қарай жүреді, "торғайлар" орындарынан қозғалып, белгілі бағытқа "ұшып" кетеді. Балаларға торғайлар маскалары немесе қалпақшалары үлестіріледі. | **"Көлік" ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, баріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы?<br>Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары."<br>Мақсаты. Балаларды сөздердің буындары құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда машықтау.<br>*Пантомима ойыны. "Көліктер".*<br>**Сурет салу**<br>"Бағдаршам".<br>Мақсаты. Балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте, бағдаршам түстерін қалайтын үш түсті дөңгелектерді салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Зырылдайды машина".<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тақ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету.<br>*"Мысық пен торғайлар"* қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Көңілді машина".<br>Мақсаты. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс дем алу және дем шығару дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту.<br>*"Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Көліктердің дөңгелектерін жөндейік".<br>Мақсаты. Балаларды дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пен шаршыны зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту.<br>*Үстел басындағы зерттеу жаттығуы.*<br>*"Көлікке дөңгелегін салып бер" іс-тәжірибе жаттығуы.*<br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Автобус" ойыны.<br>Мақсаты. Балаларды автобус жүргізушісі және кондуктор қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; жол жүру ережесі мен автобустағы жолаушы тәртібі туралы мағлұмат беру; ойын және қоғам көлігі ережелерін түсіндіру.<br>*"Автобус" ойыны.* | **Көркем әдебиет**<br>"Трактор".<br>Мақсаты. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге үйрету.<br>*Дидактикалық ойын: "Трактордың бөлшектерін тап".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Рулімізді бұрайық".<br>Мақсаты. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; тақ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу дағдыларын дамыту.<br>*"Бағдаршам"* қимылды ойыны. | **Жаратылыстану**<br>"Қарбыз тиелген жүк машина"<br>Мақсаты. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жүк машинасының негізгі бөліктерін атауда жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру.<br>*"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.*<br>**Орыс тілі**<br>"Поехали, поехали ..." Транспорт. Цвета.<br>Цель. Учить слушать и называть на русском языке виды транспорта, основные цвета, составлять фразы, передающие способы передвижения с помощью глагола, предлога и имени существительного, составлять фразы из имени существительного и имени прилагательного, учить произносить слоги, передающие способы передвижения транспорта.<br>*Развивающая игра "Что лишнее?".* | **Мүсіндеу**<br>"Пойызбен саяхат".<br>Мақсаты. Балаларда көліктер мен пойыз туралы білімдер қалыптастыру, пойыздың бірнеше вагоннан тұратыны, вагонда бірнеше терезе болатыны туралы түсініктерді тиянақтау.<br>*Саусақ жаттығуы. "Пойыз келе жатыр".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Зу-зу етіп кешеде".<br>Мақсаты. Балаларда гимнастикалық тақтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру.<br>*"Көлік пен торғайлар"* қимылды ойыны. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеуді дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қоршаған ортаға ұқыпты және қамқор қатынасқа тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқысты белгілі жерге жинау).<br>Мақсаты: қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту; ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр".<br>Мақсаты: балаларды бірге ойнауға қолдау көрсету; ойын серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: кеңістіктегі және уақыттағы бағдарды, тепе-теңдік сезімін, ырғақты жақсарту. | **Иттерді бақылау.**<br>Мақсаты: ит туқымдары туралы түсініктерін кеңейту; жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды жапырақтардан тазарту)<br>Мақсаты: еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйіңді тап".<br>Мақсаты: ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту. | **Күзгі жаңбырды бақылау.**<br>Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту, табиғатты қабылдауда эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жерге түскен жапырақтарды жинау).<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, еңбек етуге деген құштарлыққа тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары секір".<br>Мақсаты: белгі бойынша тез әрекет ету, жолдастық сезімді тәрбиелеу.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Батыл балалар".<br>Мақсаты: жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту. | **Сауысқанды бақылау.**<br>Мақсаты: сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).<br>Мақсаты: жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауға үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста".<br>Мақсаты: құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға, бір аяқта, қолды белге қойып тұруға үйрету. | **Пошташының жұмысын бақылау.**<br>Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы білімдерін кеңейту; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).<br>Мақсаты: біргесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуге үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапырақ түсу", "Мен атаған затқа жүгір".<br>Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруге үйрету; ағаштардың атауын бекіту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: серуендеуден эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешу; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу: | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру;<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар. | | | | |
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз".**<br>Мақсаты: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын кеңейту. | **"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі үлкен құрсауға тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі құрсаудағы балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қап "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық" дегенде торғайлар құрсауларға қашып кірулері керек. | **"Гараж" құрастыру.**<br>Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. | **"Не жоқ?" жаттығуы.**<br>Балалардың алдына жүк көлігінің бір суретінен беріледі. Әр баланың суретінде көлік бөлшектерінің бірі жетеліксіз болады. (кабина не шанақ, не дөңгелек) Бөлшектері табақшада жатады. Өз машиналарында не жоқ екенін атайды және қажетті бөлшекті қосады. Жеке жұмыс барысында баладан бөлшек атауын және түсін сұрауға болады. | **"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.**<br>Педагог бала санына байланысты әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).<br>Мақсаты: балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттығу.<br>Барысы: балалар ойын алаңында еркін отырады, бәрінің қолында доп бар. Педагогтің белгісі бойынша балалар допты жоғары лақтырып, оны ұстап алады. Әрқайсы қанша рет жасай алатынын санайды. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Саусақ жаттығуы" "Пойыз келе жатыр".**<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ.<br>Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау).<br>Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсап, соққылау).<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады.<br>-Алақай! Алақай! (алақандармен шапалақтау) | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Нешеуміз"<br>Бір үйде нешеуміз?<br>Көп, санайық екеуміз.<br><br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек - анам,<br>Ортан терек - ағам,<br>Шылдыр шүмек - мен,<br>Кішкене бөбек - сен.<br><br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | **"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу.**<br>Мақсаты. Сюжетті-суреттер құрастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. | **"Машина" тақпағын жаттау.**<br>"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту.<br>"Машина" (Оразақын Асқар)<br>Машина істе - серігің,<br>Жолға шықсаң - көлігің,<br>Айта қойшы,сен, інім,<br>Шығаратын оны кім?<br><br>Тас қорытып домнада<br>Металл қуйса құрышшы,<br>Машинаны заводта<br>Жасар іскер жұмысшы. | **"Светофор" тақпағын жаттау.**<br>Мақсаты. Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту.<br>"Светофор" (Зайда Елғондинова)<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса қызыл шырағы:<br>"Тоқта, жолдас!" - дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса сары шырағы:<br>"Ал, дайындал!"- дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса жасыл шырағы:<br>"Ал, өте бер!"- дегені. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Бақыт дегеніміз - сені түсінген кез" | Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. | "Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз" тақырыбында кеңес. | Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балалардың танымын және сөйлеуін дамытуға біріңғай тәсілді қалыптастыру" |

Сканировано с CamScanner

| Ортінің [illegible] ш. | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта [illegible] | [illegible] | | | | |
| Күнд[illegible] | 06.11-10.11.2023ж | | | | |
| Өт[illegible]і та[illegible]ырыптың атауы | Жабайы табиғат әлемі/ Мир дикой природы/ World Wide Fund for Nature | | | | |
| [illegible]ының атауы, тобы | | | | | |
| П[illegible]дагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтау: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. | **Үстел үсті ойыны, мозаика "Жабайы аңдар".**<br>Мақсаты: олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу. | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. | **Санамақтар айтқызу.**<br>Қасқыр қақты қақпаны.<br>- Ашындар, тез! - айтқаны.<br>Сол-ақ екен лақтар-<br>Титтей-титтей шұнақтар<br>Жан-жағына жүгірді,<br>Жасырынып үлгерді.<br>Бірі - төсек астына,<br>Бірі - пештің қасына,<br>Бірі - сиқ астына,<br>Бір - астына кереует,<br>Бірі - тапқыр керемет,<br>Отыр бөшке түбінде,<br>Қанша лақ бар бұл үйде? | **"Сипаттама бойынша аңды таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. |
| Таңғы жаттығу (5мин) | **Кешенді жаттығулар**<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Біздің қыздар секірді,<br>Оң аяқпен секірді,<br>Сол аяқпен секірді,<br>Алға қарай секірді,<br>Артқа қарай секірді,<br>Айналдыра секірді,<br>Айналдыра секіргішті<br>Биікке де секірді.<br>Екі саусақпен кезек-кезек алға-артқа, солға-оңға "секіріп" үстел үстінде орындалатын жаттығу. | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты жаймай отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне дәмді ас тілеу; тамақтан соң алғыс айту. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, оқу қызметіне дайындық** | **ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары** | | | | |
| | **"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру.<br>Барысы: педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, таңқурай, бал, балық, жаңғақ, шырша бүршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық, қоян, қозы және т.б. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады. | **"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.<br>Барысы:<br>Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.)<br>Қоңыр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.)<br>Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.)<br>Қу, айлакер. (Түлкі.) | **"Кімнің құйрығы?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Барысы: Бір күні таңертең орман жануарлары ойнап, барінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл кімнің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және т.б. | **"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді.<br>Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Ағамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар.<br>Ең жақын адамдар,<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Кажек тақпағын жаттау".<br>Мақсаты. Балаларға кежек туралы тақпақты жаттатуда, оның тіршілік ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; кежек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуда ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуге үйрету.<br>*Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".*<br>**Сурет салу**<br>"Қоңыз".<br>Мақсаты. Балаларды қоңызықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы детальдармен толықтырып, салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Қоңыз".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Сұр көжек".<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіруге үйрету.<br>*"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.* | **Музыка**<br>"Қоңыр аю қорбаңбай".<br>Мақсаты. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.<br>*"Қорқақ қоян" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Қоян орманға барады".<br>Мақсаты. Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауға үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>*Ұстап басындағы дамыту жаттығуы. "Пішіндерден сурет салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.* | **Дене шынықтыру**<br>"Қоян секілді секірейік".<br>Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>*"Мөжелі орын" қимылды ойыны.*<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Қоянның жаңа тоны".<br>Мақсаты. Балалардың жабайы табиғат әлемі туралы білімдерін кеңейту; қоянның жыл мезгіліне сай сұр тонын қыста ақ тонға ауыстыруы ерекшеліктерінің мәнін түсіндіру; жапсыру әрекетінде қоянның дене құрылысымен таныстыру; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғым беру.<br>*Дидактикалық ойын: "Кімнің құлағы?".* | **Құрастыру**<br>"Орманда кірпі жүр".<br>Мақсаты. Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктемелеуге үйрету.<br>*Құрылыс нәтижесімен ойнату.*<br>**Музыка**<br>"Қорқақ қоян".<br>Мақсаты. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.<br>*"Қорқақ қоян" ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Жабайы жануарлар".<br>Мақсаты. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру.<br>*Дидактикалық ойын: "Жабайы жануарлардың төлдерін ата".* | **Жаратылыстану**<br>"Қоян".<br>Мақсаты. Балалардың қоянның ерекшеліктері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атауда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауға, басқа аңдарымен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.<br>*"Қоянға сәбіз сыйлайық" шығармашылық рефлексия.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Еркін жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.<br>*"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.* |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Жалаушаны тап" (3-4 рет ойнатылады).<br>Мақсаты: балаларда кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жалаушаны көрсетеді және де оны жасыратынын айтады. Балалар қабырғаға бұрылады. Педагог жалаушаны жасырып: "уақыт келді" дейді. Балалар жасырылған жалаушаны іздейді. Кім жалаушаны бірінші болып тапса, ойынды қайталау кезінде оны жасырады. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Кірпіжан" тақпағын жаттау.**<br>Көркем сөздер айтқызу.<br>"Кірпіжан" (Д. Ахметова)<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аласың?<br><br>Жолым кеп, жолым кеп,<br>Қоректі іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп,<br>Тауып алып, жеймін. | **Саусақ жаттығуы. "Қонжық".**<br>Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соғқылау).<br>Томпаң-томпаң басады.<br>Қорбаң-қорбаң қорбаңдап (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соғқылау).<br>Бізді көрсе - қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соғқылау). | **Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".**<br>Мақсаты. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады.<br>Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңдар, енесі мен төлінің жұбын құрастырады.<br>Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады. | "Түлкі" тақпағын жаттау.<br>Мақсаты. Көркем сөздер айтқызу.<br>"Түлкі" (Төлеу Шаханов)<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып.<br>Қақпанға жуымай<br>Жүреді қуын-ай! | "Қасқыр" тақпағын жаттау.<br>Мақсаты. Көркем сөздер айтқызу.<br>"Қасқыр" (Жүсіп Қыдыров)<br>Көрдіңіз бе әне, аға,<br>Атам қуған арланды!<br>Түнде шауып қораға<br>Дүркіреткен бар малды.<br><br>Қолға түсіп қалыпты,<br>Сыбағасын алыпты. |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?" | Ата-аналарға арналған ұсыныс.<br>"Егер балаңыз сырқаттанып қалса..." | Ата-аналарға кеңес.<br>"Егер бала төбелесе беретін болса". | Әңгімелесу.<br>"Баланы еңбекке тәрбиелеу" | Сөйлеуді дамыту мен тәрбиелеуде проблемалары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер. |

Сканировано с CamScanner

| Ортаны [illegible] | ЦИКЛОГРАММА<br>№[illegible] | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта [illegible] | | | | | |
| Күндері | 13.11-17.11.2023ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Ғажайыптар әлемінде/ В мире сказок / The world of fairy tale | | | | |
| [illegible] мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғатур, лас болған кезде жаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеулімен салу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және әдемілеп орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін жетілдіру. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. | Саусақ жаттығуы. "Қолғап"<br>Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұрандау) | "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы:<br>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. | "Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. | "Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойын.<br>Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. |
| Таңғы жаттығу (5мин) | Кешенді жаттығулар<br>Жолдарына үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады,<br>Беті - қолын жуады.<br>Оңға - солға шайқалып,<br>Бақылдайды он салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады.<br>Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біздер айттық тақпақ. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау.**<br>Мақсаты: балаларға "Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялау тәртібіне үйрету. | **Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".**<br>Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетінің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.<br>- Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады. | **"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. | **"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру.<br>Барысы:<br>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, мен сендерге қояндардың бірнеше көңіл-күйін әңгіме (смайликтер) көрсетемін, сол көңіл-күйлерді (смайликтер) мұқият қарап отырып, маған көңілді қоянның суретін тауып беріңдерші?<br>Педагог еденге қояндардың бірнеше көңіл-күйін білдіретін әңгіме (смайликтер) жайып береді.<br>Балалар тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарап отырып, тез тауып берулері тиіс. Педагог балалар қиналған жағдайда қоянға сипаттама береді. Жақсы қатысқан балаларға қоян бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. | **"Гүлдер" имитациялық ойыны.**<br>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар.<br>Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, бағу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Кім кетті?" (3-4 рет ойнатылады).<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: балалар шеңберге немесе жартылай шеңберге тұрады. Педагог ойыншылардың біреуіне жанындағы балаларға назар аударуын сұрайды. Кейін артқа қарай бұрылуын сұрайды. Екінші бір бала жасырынып | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | Жұмбақтар мен жаңылтпаштарды қайталау. | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. | Білетін санамақтарды қайталау. | "Ғажайыптар әлемінде" тақырыбында әңгімелесу. Пікір алмасу. | **"Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу.**<br>Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шаханов тақпақтары.<br>"Тиын"<br>"Аңдып тұрған жау жоқ па?!"-<br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br>Тәтті-ау бірақ жаңғақ та.<br><br>"Бақа"<br>Келсем көлге жақындап,<br>Жағың тынбас бақылдап.<br>Ауырмай ма таңдайың,<br>Күні бойы тақылдап?! |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | "Бала тәрбиесіндегі әжелер мен аталардың рөлі" тақырыбында әңгімелесу. | Педагогикалық білімді ата-аналар арасында тарату, ата-аналарға балаларды тәрбиелеуде практикалық көмек беру. | Ата-аналарға кеңес. "Балаларды тәрбиелеудегі өзін-өзі күтудің маңызы" | "Сіздің балаңыз" тақырыбында әңгімелесу. | Балалар суреттерінің көрмесі. |

Сканировано с CamScanner

| Ортаңғы топ | ЦИКЛОГРАММА<br>№8 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | | | | | |
| Күндері | 20.11-24.11.2023ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Жомарт күз / Щедрая осень/ Generous autumn | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтау: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту; ойнап болған соң ойыншықтарын өз орындарына жинау. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Тамақ ішер кезде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғаннан соң жинастыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Даму орталықтарында тазалықты сақтау, шаң сүрту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру; топ бөлмесіндегі гүлдерді педагогтің бақылауымен суару. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | Суретпен әңгіме: "Табиғат әлемі".<br>Мақсаты: балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу. | "Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін тереңдету. | "Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету.<br>Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да таңбалауышты береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді. | "Орманшы" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. | "Жылдың қай мезгілі?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.<br>Барысы: педагог өлең оқиды, ал балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын табу керек. |
| Таңғы жаттығу (5мин) | Кешенді жаттығулар<br>Жолдарына үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады,<br>Беті - қолын жуады.<br>Оңға - солға шайқалып,<br>Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады<br>Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біздер айттық тақпақ. | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарды дастархан басына мұқият жинастыру; тәрбиеші көмекшісіне көмектесіп кейбір ыдыстарды жинастыру іскерліктеріне үйрету, көрсету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | **"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету.<br>Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. | **"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br>Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді.<br>Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкімен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкімен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | **"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту, қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту, есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту, қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Қораз ойыншығымен танысу".<br>Мақсаты. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру.<br>*Сөздік ойын-жаттығу. "Құстарды аулаға жинайық?".*<br>**Сурет салу**<br>"Апельсиндер".<br>Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы қызыл-сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуға үйрету.<br>*"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Жомарт қораз".<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз өріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына үйрету.<br>*"Қоян" қимылды ойыны.* | **Музыка**<br>"Жомарт түлкі".<br>Мақсаты. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту.<br>*"Жомарт түлкі" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Дөңгелек жеміс-көкөністер".<br>Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.<br>*Үстел басындағы зерттеу жаттығуы.*<br>*"Күз сыйларының пішінін айналдыра салайық".* | **Дене шынықтыру**<br>"Қораз секілді қанат қағайық".<br>Мақсаты. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату.<br>*"Еңбектейік қане біз" қимылды ойыны.*<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Қарбыздың бөлігі".<br>Мақсаты. Балаларға күз мезгіліндегі адам еңбегінің түрлері туралы ұғым беру; жеміс пен көкөністер жөніндегі дүниетанымын кеңейту; қарбыздың жидектер тобына кіретінін тәжірибе арқылы дәлелдеу.<br>*"Дөңгелек"саусақ жаттығуы.* | **Құрастыру**<br>"Қорап".<br>Мақсаты. Балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру.<br>*Құрылыс нәтижесімен ойнату.*<br>**Музыка**<br>"Күз желі".<br>Мақсаты. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау.<br>*«До – ре – ми» ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Аспаз".<br>Мақсаты. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету.<br>*Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата".* | **Жаратылыстану**<br>"Жемістер мен көкөністер".<br>Мақсаты. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көкөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру.<br>*"Төртіншісі артық" танымдық ойыны.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Өрмелейік қане біз".<br>Мақсаты. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.<br>*"Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны.* |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Санамақтар айтқызу.**<br>Бір дегенім - білеу,<br>Екі дегенім - егеу,<br>Үш дегенім - үскі,<br>Төрт дегенім - төсек,<br>Бес дегенім - бесік,<br>Алты дегенім - асық,<br>Жеті дегенім - желке,<br>Сегіз дегенім - серке,<br>Тоғыз дегенім - торқа,<br>Он дегенім - торқа,<br>Он дегенім - оймақ,<br>Он бір қара жұмбақ. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>"Жомарт Күз" (сурет қарастыру)<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | **Әңгіме құрастыру "Табиғат".**<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналарға кеңес:<br>"Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру". | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес.<br>"Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы". | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Орта[illegible] | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
| Апта нөмірі | №11 | | | | |
| Күндері | 27.11-01.12.2023ж | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Алақай, қыс келді!/ Зимушка-зима!/ Winter | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; балаларда жағымды көңіл-күй тудыратын, қарым-қатынасқа түсіретін ойындар ойнату; балаларға жағымды орта туғызу; ата- | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балалар белгіленген рет бойынша бір ізді киіну, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыпты бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Туыңды тап" дидактикалық ойыны.<br>Педагог:<br>– Балалар, қазір біз "Туыңды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз.<br>– Ойынның шартын айтайық. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар.<br>Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы [illegible] | "Не өзгерді?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. | Саусақ жаттығуын айтқызу.<br>Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)<br>Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)<br>Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)<br>Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)<br>Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу) | "Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауға үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. | Санамақтар айтқызу.<br>"Жеті ұл"<br>Сап демалып, тынып ал.<br>Тақпақ тыңдап, ұғып ал.<br>Апта деген ағайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі - Дүйсенбі,<br>Екіншісі - Сейсенбі,<br>Үшіншісі - Сәрсенбі,<br>Төртіншісі - Бейсенбі,<br>Жұма деген - Бесінші ұл,<br>Алтыншы ұл - Сенбі,<br>Жетіншісі - Жексенбі. |
| Таңғы жаттығу (5мин) | Кешенді жаттығулар | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын; орындыққа сүйенбей, шынтақты жаймай отыруларын қатаң қадағалау, ескерту жасау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |
| | "Аққала жасайық" дидактикалық ойыны. | "Керісінше" дидактикалық ойыны. | "Қыста не болады?" дидактикалық ойыны. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл- | "Бұл қай мезгілде болады?" |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Қыс келді атты суретпен танысу".<br>Мақсаты. Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету.<br>*Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?".*<br>**Сурет салу**<br>"Шыршалар қарға киінді".<br>Мақсаты. Балаларды жасыл бояу арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтап".*<br>**Дене шынықтыру** | **Музыка**<br>"Қыс қызығы".<br>Мақсаты. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету.<br>*"Аю" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Даңаға бөкөбайды дайындап берейік".<br>Мақсаты. Балаларды екі қарама-қарсы | **Дене шынықтыру**<br>"Қорбаңдаған аю".<br>Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі аралықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру дағдыларын дамыту; тақ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту.<br>*"Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны.*<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Алақай, қыс келді!"<br>Мақсаты. Балаларды қыс мезгілінің құбылыстарымен таныстыру; қыс мезгілінде шыршаның жасыл болуының себебін түсіндіру; қар туралы білімдерін | **Құрастыру**<br>"Шана".<br>Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жалғау қабілетін игеруге дағдыландыру.<br>*Құрылыс нәтижесімен ойнату.*<br>**Музыка**<br>"Қысты сағындық".<br>Мақсаты. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу | **Жаратылыстану**<br>"Қаладағы қыс".<br>Мақсаты. Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.<br>*«Ол не?» дидактикалық ойыны.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Бағытты өзгертіп жүгіреміз".<br>Мақсаты. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру; тақ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп |
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>**Көкшымшықты бақылау.**<br>Мақсаты: құстарға қызығушылық туғызуды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту).<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық". | **Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту).<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жоғары?", "Мені тап".<br>Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету. | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: жер үсті көліктері туралы білімдерін кеңейту (олардың жіктелуі, мақсаты).<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардан, орындықтардан қарды тазарту.)<br>Мақсаты: аумақты қардан тазартуға ересектерге көмектесуге деген ынтасты тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен бұғылар" | **Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерін анықтау және атау.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (төбешіктерді және жолдарды қардан тазалау)<br>Мақсаты: сыпырғышты дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз", "Біз көңілді балалармыз".<br>Мақсаты: ойында мәтінді анық айтуға үйрету; ойын ережелерін сақтау. | **Қайың мен шетенді бақылау.**<br>Мақсаты: өсімдіктердің қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау.)<br>Мақсаты: тапсырманы бірлескен күш-жігермен жүзеге асыра отырып, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кептерді ұстат". |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; кебік пайда болғанша | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу; | | | | |
| **Біртө-біртө тұрғызу, шынығу** | Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу. | | | | |
| **Бесін ас (қалыптастырылатын** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **Саусақ жаттығуын орындау.**<br>"Жыл мезгілдері"<br>Мұз да, қар да ерісе,<br>Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ұйқы қашса қонжықтан,<br>Көктем келді дерсің сен. (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Қызса қатты күн көзі,<br>Қарлығаштар самғаса, (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)<br>Ыстық аптап, құрғақшылық,<br>Жаз келгенін білдірер. (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)<br>Шатырда жаңбыр ойнаса,<br>Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Жер жапырақты жамылып,<br>Күз келгенін білдірер. (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына дейін саусақ ұшымен ұрғылайды)<br>Боран борап, жел тұрса,<br>Айналаны қар басса,<br>Үйлер ақ көрпеге оранса,<br>Келді дей бер қыс ортаға. (спираль | **"Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны.**<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймаңдап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. | **"Үйсіз қоян" қимылды ойын.**<br>Мақсаты: дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету.<br>Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар - қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберде тұрған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады. | **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсаты: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағыдай тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлменің айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда, әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қол тигізуге тырысады. | **Драматизация.**<br>"Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; | Балаларды серуенге ынталандыру; | Балаларды серуенге ынталандыру; | Балаларды серуенге ынталандыру; | Балаларды серуенге ынталандыру; |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын арту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Жасырынбақ" (3-4 рет ойнатылады). | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі".<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып,<br>Қақпанға жұмылмай<br>Жүреді, қуын-ай! | **"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. | **"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту. Тақпақты қайталау.<br>Төлеу Шахановтың тақпақтары.<br>"Түлкі",<br>Жем іздеп жүгіріп,<br>Аңшыдан тығылып,<br>Қақпанға жұмылмай<br>Жүреді, қуын-ай!<br><br>"Маймыл" | **Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. | **"Қыста" тақпағын жаттатқызу.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.<br>"Қыста" (Оразбай Байбақов).<br>Ойшыл орман сілкінді,<br>Жіберлінде жол ырғап.<br>Мұз астында бұлқынды,<br>Күміс өзен сылдырлап.<br><br>Ғайып болды түні ызғар,<br>Ай да батты ақ маңдай. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары" | Жарнама.<br>"Балаңызбен қысқы серуенді қалай жағымды және пайдалы өткізе болады" | Ата-аналарға кеңес.<br>"Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру" | "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. |

Сканировано с CamScanner